



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

байланысы берік болғандықтан тіркеспейді, сөйлемнің жалпы мазмұны керек ететіндіктен ғана есімді сөйлемнің құрамына еніп, есім баяндауышқа мезгілдік мағына үстеу үшін тіркеседі: Қасен қазір колхозшы (Көбеев). Біз де бүгін вахтадамбыз (Ерғалиев). Ұлпа биыл жетіде (Майлин). Осы Шыңғыстың осы қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанмен, дәл күздігүні жайсыз-ақ (Әуезов). Бұл мысалдарда үстеу сөз табы мен зат есім, сан есім, сын есіммен тіркесіп, атрибуттық қатынасты түзіп тұрғанын байқаймыз.

Сөз таптарының құрамында болған семантикалық және грамматикалық өзгерістер және үстеулердің мағыналық, формалық өзгеруі үстеулердің жаңа түрлерінің пайда болуына әкеліп соғады. Кей жағдайларда үстеу сөздер басқа сөз таптарының жетегіне ерумен қатар, оның өзі де басқа сөздерді жетектеп, сөз тіркесінің басыңқы сыңарларында жұмсалатынын көруге болады.

Тіліміздегі «де, ет» көмекші етістіктері де атрибуттық қатынас жасауға қатыса алады. Мысалы, «сенімен *сөйлесейін деп* келдім, *бәж етіп* сөйледі» деген сөйлемдерді алсақ, «неліктен?, қалай?» сұрақтарына жауап беріп, пысықтауыштық қатынаста тұрады. Яғни, объектілік емес, қимылдың мақсаты мен сынын білдіріп тұрғандықтан, атрибуттық қатынаста тұр деп толық айта аламыз. Көсемше формалы «де, ет» көмекші етістіктеріне көптеген мысал келтіруге болады.

«Де» көмекші етістігінің өзіндік дербес мағынасы жоқ. Алайда дербес мағыналы сөздердің «де» көмекші етістігінің есімше формасы оның байланысу формасын, синтаксистік қызметі мен мағыналық тобын айқындайды. [4, 124].

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі атрибуттық қатынастың пысықтауыштық жолмен жасалып, оның тілімізде қолданылуы, жасалу үлгілерін топтастыру жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сауранбаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының «Ғылым» баспасы, 1948. –287 б.
2. Прокопович Н.Н. Вопросы синтаксиса русского языка. Учеб. Пособие для пед. Вузов. –Москва: Наука, 1974. -350 с.
3. Гаджиева Н.З. *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков.*– Москва: Наука, 1988. – 253 с.
4. Сайрамбаев Т.Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Абзал-ай, 2014.– 640б.

ӘОЖ 81'373.39

### **ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ СЕЗІМ ЖАҒДАЙЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ЭМОЦИЯЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Тұрарханова Қымбат Мұратжановна**

[Kymbat-9697@bk.ru](mailto:Kymbat-9697@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Сарекенова

Қазіргі таңда қазақ әдеби тіліндегі сөздердің жалпы қолданысы аясында түрлі мәселелер кездесіп жүр. Бұған тілдік қор, тілдік құрамдағы сөздердің қалыптасуы ықпал ететіні айқын. Нақтырақ айтсақ, тарихи жадының, әлем халықтарының тарихи жан дүниесінің айнасы болған фольклор – зерттеу негізі ретінде алынып отырған көне әрі жас мұра. Сондықтан дәстүрлі дүниетанымның алтын қорындағы фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктерін танытуды рухани санамыздың жаңғыру жолындағы келелі істердің бірі деп білеміз. Ал осы халық ауыз әдебиетін алып бәйтерек десек, соның бір бұтағы саналатын ғұрыптық фольклордағы фразеологизмдердің қолданысын айтпас бұрын, ол жайлы негізгі

пікірге көз жүгіртсек. «Отбасылық ғұрып фольклоры – адамның туу – ер жету – өлу цикліне енетін ғұрыптарға байланысты туып қалыптасқан, адамның пәни мен бақи дүниеге деген дәстүрлі дүниетанымы мен ішкі сезім сырын жырлайтын, өзіндік қалыптасқан поэтикалық жүйесі бар шығармалар шоғыры» [1, 311]. Берілген ғұрыптық фольклордың жіктелуі жайында да алуан түрлі пікірлерді қарастырып, ой түюге болады. Мысалы, М.Әуезов «Сыршылдық салт өлеңдерін» төмендегідей:

Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдері (аза тұтуға байланысты);

Дін салты мен ұғымынан туған өлеңдер («Көне наным-сенімдерге байланысты» Б.Абылқасымов);

Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдері (үйлену ғұрпына қатысты) деп бөлсе,

В.В.Радлов үйлену ғұрпына байланысты жар-жардың, беташардың үлгілерін «Ұзатқан қыздың өлеңі» деп айдарлап, жоқтау үлгілерін «Жоқтаған жыр» деген болатын. Демек, екі ғалымның бөлінісінде қазақтың бір ауыз әдебиеті сөз болып отырғанмен, айдар тағылып ат қоюлары мүлде басқа екенін байқаймыз. А.Байтұрсынов қазақ фольклорын «Сауықтама» (Көркем фольклор) және «Сарындама» (Ғұрыптық фольклор) деп жіктегені белгілі. Соңғысына «Салт сөзі», «Ғұрып сөзі», «Қалып сөзін» жататыны да аян. Алайда «Салт сөзіндегі» «мысал, ділмәр сөз, тақпақтар, мақалдар, мәтелдерді» ғұрыптық фольклор түрлерінің қатарына енгізу қиын. Сонымен бірге, отбасылық ғұрып фольклорын «Ғұрып сөзіне» (той бастар, жар-жар, беташар, некеқияр, жоқтау, жарапазан, бата) жинақтағанмен, «Бесік жыры» «Қалып сөзіне» ауысқан екен. Бұның бір себебі әр ғалымның өзіндік ой-пікірінің кемелдігінде болуы әбден мүмкін. С.Сейфуллиннің «Салт өлең-жырларын» «Той бастар», «Жар-жар», «Сыңсыма», «Жұбату мен үгіт» (жаңа жанр), «Бет ашар», «Айт келін», «Бесік жыры», «Қоштасу мен өсиет өлеңдер» және «Естірту, көңіл айту, жоқтау» деп жіктеуін, Б.Уахатовтың «Әдет-ғұрыппен байланысты туған өлеңдерін»:

Балалар өлеңдері;

Үйлену салт өлеңдері (Той бастар, Той тарқар, Жар-жар, Сыңсу, Беташар);

Мұң-шер өлеңдер (Естірту, көңіл айту, Жоқтау, Қоштасу) ретінде қарастыруын есептемегенде көптеген ғалымдардың жіктелімдері біздің зерттеу нысанамызды одан әрі кеңейтетіні анық. Сол себепті Ә.Қалиұлының «Некелену салт жырлары» және «Өлім-жітім салт жырларынан» басқа бала өсіруге байланысты шығармаларды «Басқа өлең жырлар» тарауында қарастыруы да фразеологизмдердің қолданылуына ерекше әсер ететіні сөзсіз.

Сонымен, Кенжехан Ісләмжанұлының 1-әлпештеу фольклоры (бесік жыры, сәбилік салт жырлары, мәпелеу жырлары, уату жырлары); 2-үйлену фольклоры (той бастар, жар-жар, сыңсу, аушадияр, беташар, неке қияр); 3-азалау фольклоры (арыздасу, естірту, көңіл айту, жоқтау) деген жіктеуінде жоғарыда келтірілген бөліністердің толығымен қамтылғанын ескере отырып, лингвистиканың фразеологияны этимология, семасиология, лексикографиямен бірге лексикологияның құрамында қарайтынына ойыссақ. Фразеология фразалық тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерге бөлінеді. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді (көре алмау – қызғану; іші күю – өкіну, т.б.). Жалпы үйлену ғұрып фольклорының үлгілері бойынша жүргізілген талдаулар нәтижесінде табылған фразеологиялық тіркестерді ғалым Г.Смағұлованың еңбектеріне сүйеніп, 13 мағыналық топқа бөліп қарауға болады: *адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне негізделген, сезім әрекеттеріне қатысты жасалған, адамның физикалық қалпын бейнелейтін, адамның сөйлеу дағдысы түрлерін сипаттайтын, адамның жеке басына тән қасиеттері туралы жасалған, адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, орны, тұрмысы туралы айтылатын, адамның сыртқы түр-әлпеті, жас мәлішері жөнінде қалыптасқан, уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген, киім, тамақ, денсаулыққа байланысты туған, табиғат құбылыстары, ауа райына қатысты жасалған, тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын, еңбек, өмір, тағдыр, дүние туралы айтылатын мағыналас тіркестер* [2, 72]. Соның ішіндегі сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялы фразеологизмдердің мағыналас, тақырыптық түрлері бойынша

«қабырғасы қайысты», «риза болды» секілді 8 тұрақты тіркесті қарастырайық. Біз зерттеу барысында кездескен 8 фразеологизмді осы мақалада ішінара көңіл-күйдің деңгейлік қалыптарына қарай топтастыруды жөн көрдік. Себебі адамның эмоциясы белгілі бір күйден екіншісіне ауысар сәтте әртүрлі деңгейлерден өтеді. Сол деңгейлер бойынша қазіргі әдеби тілімізде көрініс берген фразеологизмдердің қолданылуындағы ерекшеліктерді байқай аламыз. Кез келген сөздің ішкі мағынасы адамның көңіл-күйіне әсер ететіндіктен, антропологиялық тұрғыда даму үстіндегі бүгінгі лингвистиканың бағытында да осы дүниені ескергеніміз артық болмас. Сонымен, эмоцияның ауытқу деңгейлеріне қарай, қарастырылып отырған тіркестер төмендегідей жіктеледі.

### **I деңгей. Көңіл-күйдің түсуіне байланысты, қайғылы қалып.**

**1. Қабырғасы сөгілді** – беркесі кетті, быт-шыт болды; қатты қайғырды, мейлінше, қинала қайғырды [3, 390].

Мысалы: —Сынбаса да қабырғам сөгіледі, жар-жар,  
Жатсам, тұрсам ата-анам кетпейді ойдан, жар-жар [4, 106].

Жиілігі: 9 рет

**2. Қабырғасы қайысты (майысты); қабырғасына батты** – жанына батты, қатты қиналды; ойысты [5, 302].

Мысалы: Бұл тойды жасады деп ренжімей, қуаныш ет,  
Қайысат қайғылансаң қабырғамыз [4, 71].

Жиілігі: 8 рет

**3. Уайым жеді** – қамын ойлады, қайғырды [3, 725].

Мысалы: Құрбылар, босқа уайым жей бермеңдер,  
Жолығар бір-бір жақсы аман болса... [4, 327].

Жиілігі: 1 рет

### **II деңгей. Адамның разы болуына байланысты, қанағаттану қалпы.**

**4. Мауқын басты** – құмары қанды, көңілі көншіді [3, 511].

Мысалы: Айырма, қалқам, айырма,  
Жылап бір мауқым басайын [4, 136].

Жиілігі: 3 рет

**III деңгей. Адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігіне байланысты, ұнату қалпы.**

**5. Жылы көңіл** – ілтипатты сезімге толы көңіл, жұмсақ, елжіреген көңіл [5, 221].

Мысалы: Шырағым, бір сөйлерге ынтызармын,  
Қыз бала кетер жылы көңлі жарым [4, 86].

Жиілігі: 1 рет

### **IV деңгей. Көтеріңкі көңіл-күйге байланысты, қуанышты қалып.**

**6. Разы (риза, ырза) болды; риза тапты** – көңілі тойды; көңілі құп алды [5, 444].

Мысалы: Той қылды мерекелі халқын жиып,  
Ісіне риза бол осы ағаңның [4, 77].

Жиілігі: 10 рет

**7. Көңілі өсті** – шаттана рухтанды, еңсесі көтерілді, қатты қуанды [3, 363].

Мысалы: Көңілі өсіп, толсын деп,  
Ләззаты тағам татырған [4, 175].

Жиілігі: 2 рет

**8. Төбесі көкке екі-ақ елі жетпеді; төбесі көкке жетті (тиді)** – қатты қуанды, шаттанды, қуанышын тасытты [5, 512].

Мысалы: «Бір балам екеу болды» деп,  
Көкке жетер төбесі.

Енеңізге бір сәлем! [4, 314].

Жиілігі: 12 рет

Жоғарыдағы деңгейлерді саралай келе, үйлену ғұрып фольклорында қолданылған фразеологизмдердің бүгінгі әдеби тілімізде де сол мағыналарымен көрініс тауып жүргенін

байқаймыз. Қайғылы қалыпқа жататын, құса болудың ең жоғарғы дәрежесін иеленіп тұрған «қабырғасы сөгілді» тіркесі – берілген ауытқудың бастапқы сатысы. Оның бұл күндегі «қабырғасы қақырады» тіркесіне сыртқы формасы ұқсас болып көрінгенмен, беретін ішкі эмоционалдық мағынасы екі бөлек. Яғни, бірі қайғылану болса, екіншісі – жеңілу мағынасында. Бұл тіркестің жар-жар мазмұнында кездесуі – оның тек жұбату, естірту, жоқтау мәніндегі үлгілерде ғана қолданылмайтынын дәлелі. Берілген қалыпты осыған ұқсас келетін «қабырғасы қайысты (майысты); қабырғасына батты» тіркесі одан әрі жалғастырады. Себебі бастапқысымен салыстырғанда эмоциялық дәрежесі бәсеңдеу болған бұл тіркес Тойбастар мазмұнындағы жоғарыда көрсетілген мысалдағыдай, келесі күйге өтетін көпір іспетті. Бабалар сөзінде үйлену ғұрып фольклорына жатқызылған Қыз бен жігіт айтысындағы «уайым жеді» фразеологизмі – осы қалыпты аяқтап тұрған тіркес. Себебі жоғарыда аталған 8 тіркестің арасында адамның қанағаттануына дейінгі күй осының еншісінде. Құмардың қануын білдіретін үшінші деңгей тіркесін сыңсу мазмұнынан 3 рет ұшырастыруымыз тегін емес. «Қыздың өз аулынан аттанар қарсаңында туған әке-шешесімен, туыскандарымен, балалық шақпен, ел, жерімен қоштасу кезінде» [1, 151] жылап «мауқын басуы» қанағаттану қалпын дәлме-дәл айқындайды. Адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігіне қатысты ұнату қалпы үйлену ғұрып фольклорындағы «жылы көңіл» тіркесін жеткілікті санайды. Осы деңгейдің жүгін жалғыз арқалап тұрған «Ілтипатты сезімге толы, жұмсақ, елжіреген көңілдің» [5, 221] Тойбастар үлгілерінде көрініс табуының өзі осыны толық түсіндіріп тұрғандай. Ал көтеріңкі көңіл-күйді білдіретін «разы (риза, ырза) болды; риза тапты» фразеологизмі қуанышты қалыптың бірі екені анықталды. Бабалар сөзіндегі Тойбастар үлгілерінде 10 рет кездесетін бұл тіркестің шаттана рухтануды түсіндіретін «көңілі өсті» фразеологиялық тіркесімен қатар келуі тегін емес. Себебі «көңілдің өсуі» дебеташар жолдарында еңсесі көтерілді, қатты қуанды деген мағынада қуанышты қалыпты дәлелдейді. Эмоцияның ауытқу деңгейін түйіндеп тұрған «төбесі көкке екі-ақ елі жетпеді; төбесі көкке жетті (тиді)» тіркесі соңғы аталған қалыптың шарықтау шегі. Демек, үйлену ғұрып фольклорында іс жүзінде дәлелденетін көтеріңкі көңіл-күйді теория жағынан да біздің деңгейлік жіктеуіміз негіздеп тұрғандай.

Қорыта келе, Ш.Ыбраевтың отбасы ғұрпын «Тұрмыс-салт жырларына» жатқызып, «Сәбиге арналған салт өлеңдер» (бесік жыры, уату, ырым өлеңдер), «Үйлену салт өлеңдері» (той бастар, той тарқар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар, құттықтау), «Жерлеу салтына байланысты өлеңдер» (естірту, көңіл айту, жоқтау, дұға) деп жіктеуін ескерсек, арбау, бәдік, бақсы сарыны, т.б. наным-сенім фольклорын да сол қатарға қосқан Б.Қасейұлының «Неке салт жырлары және жарапазан» деген тарауда қарастырған үйлену ғұрып фольклорындағы фразеологизмдердің тарихи кезеңдерде өз дәрежесін жоғалтпай, қазіргі әдеби тілімізге дейін жетуін екі саланың бір-бірінен алшақ кетпегендігінің бір белгісі деп білеміз. Қазіргі лексикалық құрам мен тілдік қорды толықтырып тұрған тұрақты тіркестердің ішінде ауыз әдебиетінің осы үлгісіндегі фразеологизмдердің өзіндік орны бар екендігіне оларды түрлі эмоционалды-экспрессивті деңгейлеріне қарай топтастыру арқылы ішкі мағынасын аша отырып көз жеткіздік. Яғни, болашақ ұрпақ үшін ғұрыптық фольклордың тарихи да, тілдік те құны артып, сапасы салмақтана түспесе, кемімейтіні айқын.

#### 1. Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 244 бет.
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2012. Т. 90: Ғұрыптық фольклор. – 432 бет.
5. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 бет.